



УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5
Ж 87

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет жөнне ақпарат министрлігі
Ақпарат жөнне мұрагат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару»
багдарламасы бойынша шыгарылды*

Жұман Ж.
Ж 87 Өлең-ғұмыр: Өлеңдер / Жандарбек Жұман. – Алматы:
Жазушы, 2013. – 112 бет. – «Жас толқын» сериясы.

ISBN 978-601-200-436-6

Жас ақынның жүректен шыққан жылды жырларында сағыныштың сиясына малынған, мөп-мөлдір сезімнің мұңынан алынған сыры, тұнық ойлары өрнектелген. Болашағын жыр керуенімен байланыстыруды мақсат тұтқан жас өнерпаздың арман жолындағы сапары сәтті болғай деген тілектеміз.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-200-436-6

© Жұман Ж., 2013
© «Жазушы» баспасы, 2013



СӘТ КЕЛДІ...

Саябырсып қалғандай
маңғаз дала,
Серт байласқан секілді
ерке көлмен.
Сүрбойдақ жел кезіп жүр
сәл наздана,
Сесін алып ортага ерте келген.

Әдемілік баурады
сәткө мені,
Әрекетке бастады
еркімді алып.
Әлемімнің көзіне
жас қеледі,
Көріктерде тұрған соң
сертім қалып.

Терендікке
тұскен соң,

Шығу – қайғы,



Тапқырлықты қалайды
талап бірақ.
Төрт жағымнан
төрт дауыс шуылдайды,
Тынышымды бұзуды
қалап тұрад.

Күрсіністер
келтірген құлкіме алан,
Көздерімде ой тұрап
аппақ ар бол.
Кәусар өлең кеп жатса
түртіп алам,
«Кітапшамда
мәңгілік сақталар» деп.

Елендеткен ерке мұң
ерте мені,
Елес қуган тұнімнің
Ермегі – өлең.
Есі кеткен жүректің
серті өледі,
Еш өқпесі айтылмай
елге деген.



Лағыл мұңым маңдайда
бес елі еді,
Лезде мені
сезімдер құлатты анық,
Лебіздерің
үмітті еселеді
Лұпілінен жүректің
қуаттанып.

Дараланса
төрдегі төл өнерім,
Дертім осы
асқынып, басылмайды.
Дес берместен ешкімге
қара өлеңім,
Дірдектеген жанардан
жас ұрлайды.

Ізденістер қалайды
тоқтамауды,
Іңкәр Әлем,
осыған бүршы мойын,
Ізгілікке бет бұрып
ақ таң ауды,
Іліп кетіп қарт түннің тылсым ойын.



* * *

Жыр мекені

түрган соң жайып құшақ,

Жас өренге жат болмас —

көрік, қылыш.

Жорта түстім...

келгенде лайықты сәт,

Жаңбыр өлең таңдайдан төгіп тұрып.

Асқақ ойдың айдынын «тұнық» дер ем,

Ақылымнан алғанда үзіп өлең.

Алға қарай бет алып,

жүріп келем,

Арманымның жіңішке ізіменен.

Періште мұң сап қойған қозге белгі,

Назын айтса,

Үндерін елеп те алам.

Налытпаймын себепсіз өзгелерді,

Намысымымның шоқтығы керек маған.



Данышпан жүрт – қолдаушым,
төрем дара,
Дәл айтатын шындықты
себеп көріп,
Дауысымды естіген
керен қала,
Демеп тұрды
өткеннен дерек беріп.

Аққу өлең –
ақынның ақ тұмары,
Айдынында шығатын
намыс тұнып.
Аспанынан түнімнің
бақ құлады
Ақ параш пен қаламды
табыстырып.

Ренішімді ешкімге білдірмеспін,
Ретіменен айтам тек ой ақпарын.
Расыменен, тапқаны –
жыр бұл кештің,
Реңін мұнғмен шығатын бояп қалың.



Бейнесінен түнімнің алам үлгі,
Бағыт бұрып бақыттың ұясына.
Балғын өлең жазамын,
қаламымды,
Батырып ап жүректің сиясына.

Еркіндігін сезініп ерке өнердің,
Елесімнен тоқимын
кесте күнде.
Ерке ойларды шумақтап
ерте келдім,
Естелікке қалсын деп естерінде.

Көріп, біліп, ескеріп ер еңбегін,
Көрсететін ел ғана баға нағыз.
Көңілімнің айнасы –
өлеңдерім,
Күдікпенен жолыма қарамаңыз...



ШАЛ-КӨШЕК

(немесе ауылдың ансау)

Кызығына

тоймаушы ем

шаң көшениң,

Сол көшеде бітпеген

қалды есебім.

Бала кездің балауса

бар бақыты,

Сенде қалып қойыпты,

Шал-Көшегім.

Құшып жатыр байлықты

қырат, далаң,

«Қызыл бұлақ» сүнина

сыр ақтарам.

«Барсакелмес»,

«Кіндік» пен канал басы,

Қолын бұлғап қарайды

жылап маған.



Жаз келгенде,
бақта алма піскені анық,
Ауыл жүртү емес-ті іске гаріп.
Үлкендерден
бір ауыз «рұқсат» алыш,
Шомылар ек арыққа
түстө барып...

Ех, шіркін...
сол күндерге қарайлғам,
Сағынышын басады қалай балаң?!
Кеш батқанда доп қуып,
тікен басып,
Таң атқанда
өріске мал айдагам.

Осы сәттер
— бақытты кезім екен,
Жан емес ем құрдасқа
сөзі бөтен.
Шыр айналып шықсамда
жердің бетін,
Мекен таба алмаспын
өзіңе тең.

Шал-Көшек,

менің үшін атың әйгі,

Күннің көзі төбеңнен

бақылайды.

...Қаладағы

қоршаган ғимараттар,

Бір уыс топырағыңа

татымайды.





ӨЛЕҢ-ҒҰМЫР

Көңілдегі қаяуды алшы, уақыт,
Сынағыңа көшесің сәл шыдатып.
Өлең-ғұмыр еншілеп алған мені,
Сырдың сөлін беретін тамшылатып.

Шарықтап ой қонады
шыңға барып,
Тұман қиял санаға тұнғаны анық.
Айналға көз тастап, көңіл толмай,
Қаламымды жібердім мұнға малып.

Аппақ ойды ап қалдым ақ таңымнан,
Ақ таңымнан мөп-мөлдір бақ табылған.
Аяуды да білмейтін қаңғыбас ой,
Беріп жатыр соққысын қапталымнан.

Белсенділік көрсетсе бойдақ қалам,
Ақ парактың бетінен «қаймақты» алам.
Үзілейін деп түрган тамшы көрсем,
Көңілі деп ақынның ойлап қалам.

Арманым көп
қол бұлғап тұрған алдан,
Ақын-мерген,
Жебесі – жыр қадалған.
Терең ойдың түбіне
тастап мені,
Қараңғы Тұн
үйқымды үрлап алған.

Үнсіз әлем
шаттыққа бөленді бір,
Тағы да кеш...
Ақынга төр енді бұл.
Жасқаншақ ойларым мен жүрегімді,
Саган сеніп тапсырдым,
Өлең-гүмым!





АҚЫН ЖОЛЫ

Ақын жаны басқалардан тым бөлек,
Сырын айтар күрсінгенде түнге кеп.
Оқырманға ұнап жатса өлеңі,
Түсінеді оны өзіне жүлде деп.

Қазактарға болмас, сірә,
жат өнер,
Халық қолдап ақындарын мәпелер.
Әйткені ол жансыз түрган әлемді,
Өлеңімен көз алдыңа әкелер.

Туындылар тарту еткен
таңдарға,
Көрінетін жандар олар
мәңгі алда.
Бір жүректен шыққан сөзі
ақынның,
Мың жүректі баурап алса таң қалма.



Шындық айтып шыға-тұғын жиі үні,
Келсе егер шабытының құйыны.
Өлең жазу көрінгенмен оңай боп,
Ақын болу — қыындардың қыны.

Сыр мен мұңын
өлеңімен ақтарат,
Тұла бойга тұрғаннан соң
бақ тарап.
Қара қалам қараңғыда қап қойса,
Жалғыздықтан жабығады ақ парақ.

Өңешімді назы тұнған өпті дем,
Өлең деген — қазына бұл тектіге ем.
«Қыздың жаны — нәзік»
дейді біздің жүрт,
Ақын жаны одан нәзік деп білем.





ДАҚ ПЕН БАҚ

Ей, құрдасым,
бақыттысың бүгін сен,
Тәуелсіздік болғаннан соң
зор есім.
Өткеніңе көз жүгіртіп,
үңілсен,
Алаш елдің
мықтылығын көресің.

Соққы алып,
жұпның боп сан қала,
(...Қатал ғұмыр әлсіз етіп,
қажытты.)
Төсін ашып жатқан мынау
паң дала,
Батырлардан қайнап аққан
қан жұтты.

Өткеніміз ондырмады,
бұл анық



Тәуелсіздік арман болып
халыққа,
Киыншылық...
Тік те тұрып,
құладық,
Отар болып
орыс дейтін алыпқа.

«Әлсіз етіп көргендей ме,
тым үлтты?!»
Деп қынжылып,
шыққан талай үн қалың.
Тарих бізді
Ақтабан қып шұбыртты,
Зұлымдықтын ашқандай боп
зынданын.

Есті жиып
ескерілер ел тапсан,
Қан даланың
куәгері бұл ара.
1986... Желтоқсан,
Ұмытылмас
ел жадынан сірә да.



Пікір туып міне осындақ
нақты ойдан.

Уақыт өте
киындықтар жатты өліп,
Ел есінде
мұның бәрі қап қойған,
Өшпейтүғын
Дақ болып.

Мың тогыз жұз тоқсан бірім –
Азат құн.
Желтоқсан ед...
Дала киген ақ тоңды.
Көптен құтқен құні гой бұл
Қазақтың,
Бастарына
Бақ қонды.





ҚАЛАДАН...

Табиғат үйқыда тып - тыныш,
Суығы,
Жылсысы – өтпелі іс.
Бағдаршам

қып - қызыл түсте тұр,
Көшеде көліктер, қептеліс.

Қыдырып қаланы кешкүрим,
Шаршадым...
Әл де жоқ, өшті үнім.
Бақылап қарасам, түнде де,
Адамдар алмайды - ау еш тыным.

Күз келіп,
тоқтаган жаз әні,
Бұл түнде бүлік көп, аз ары.
Шуылдап шаһарлық тұрғындар,
Алады мендегі мазаны.



Сарайлар қаланы түр безеп,
Бітпейді көші мол бұл қезек.
Құ тірлік қуса да қөшеге,
Ей, пенде, демінді ал бір мезет.

Көліктің жиган жұрт
әр түрін,

Ашуда...

Бұл істің арты-мұң.
Ауылды аңсап та кетесің,
Осылай өткен соң әр күнің.

Көшеге жастар түр құмартып,
Шаршауды білмейді бұлар түк.
Таңғы аспан көрінбес қаладан,
Шаң басқан ауылым мың артық.





* * *

...Аулаға шық,
Айналаңа қарап, бақ,
Суық күшін сездіртуде
сараптап.
«Көктайғақты» көркем етіп
сап қойып,
Жердің бетін еншілеген –
қар аппақ.

Сөгіп қоям
дәл осындай сәтті іштен,
Аспан жақтан аязды қар
ап түскен.
Тамшыларым
мұз кейіпінде танылып,
Көз аша алмай
жатыр дала ақ түстен.

Қысқы бір түн
суық ұрса таңға асық,



Жатыр дала
сары аязбен арбасып.
Жетімек жел жетектеген
өзімен —
Жапалақ қар
жағама алды жармасып.

Түкірдім
тіршілікке қаладағы...
Қанатын кеңге жайып
қағады арман,
Өмірімді қайтейін
жағаны алған?!
Қындығын мойныма
артып қойып,
Тіршіліктің түрмесі
қамап алған.

Тылсым оймен таласып
тұнде езілем,
Жүргімнің байқалып
мұң қөзінен.
Қуаныштың құлатып
ақ байрагын,





Күрсіністің қараймын
күмбезінен.

Жамбастап жақсылығын
жатар-ды ауыл,
(Мен едім «қарапайым»
қатардағы ұл).

Қымбатшылық
қымталап алғандықтан,
Мейірімді таппайсың
шаһарда бұл.

Сұрақтармен соғысып
санадағы,
Ауыр ойдың бойымды талағаны.
Ауыл жаққа кетемін...
Құрысын бәрі.
Тіршілікке түкірдім
Қаладағы.

...Сағындым!

